Шалқар көлінде су температурасы 20 °С, сутегі көрсеткіші 7,68, судағы еріген оттегі концентрациясы – 12,96мг/дм³, ОБТ₅- 2,98 мг/дм³. Негізгі иондар (хлоридтер - 6,5 ШЖШ, магний – 4,7 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,4 ШЖШ, жалпы темір – 2,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқаны байқалды.

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Қараөзен, Сарыөзен, Шыңғырлау өзендері, Көшім арнасында су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде», Шалқар көлінде су сапасы «ластанудың жоғары деңгейінде» деп бағаланды.

2016 жылғы 3 тоқсанымен салыстырғанда Жайық Шаған, Деркөл, Сарыөзен, Қараөзен, Шыңғырлау өзендері, Көшім арнасы мен Шалқар көлінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген; Елек өзенінде - жақсарған(4-кесте).



7.6 сур. Батыс Қазақстан облысы жер үсті суларының су сапасы сипаттамасы

7.9 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, №3 ЛББ), Ақсай (№4 ЛББ) Автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (7.7-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,02 – 0,20 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,10 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

7.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,3 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.7 – сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

8 Қарағанды облысының қоршаған орта жай-күйі

8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	аэрологиялық станса («Городской» әуежай ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі,15 (жаңа Майқұдық)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			қалалық әкімдік (ескі әуежай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,
8			аурухана ауданы (Пришахтинскшағын	

			ауданы)	азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
--	--	--	---------	------------------------------------------------------------------------------------------



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей), СИ=8 (жоғары деңгей) анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№8 бекет аумағында) РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектер бойынша 1,3 ШЖШ_{о.т.}, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{о.т.}, озон- 1,1 ШЖШ_{о.т.}, фенол – 1,9 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) - 1,0 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 7,9 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 4,2 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,0 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 нүкте – Пришахтинск ауданы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Күкіртті сутегінің шоғыры 1,5 ШЖШ_{м.б.} құрады, фенолдың, көмір сутегі сомасы шоғыры – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.2-кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылау деректері бойынша ластанушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,06	0,12
Күкірт диоксиді	0,01	0,022
Көміртегі оксиді	1,98	0,396
Азот диоксиді	0,02	0,11
Азот оксиді	0,02	0,055
Күкіртті сутегі	0,01	1,5
Фенол	0,01	1,0
Көмір сутегі сомасы	62,2	1,04
Аммиак	0,10	0,515
Формальдегид	0,0	0,0

8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Шахтинск ЖЭО, Парковая мен Құсайынова көшелерінің қиылысы, №2 нүкте- Қазақстандық шахтасы, 3-құрылыс тұйық көшесі және Гагарин көшесімен қиылысады) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Күкіртті сутегінің шоғыры №1 нүктеде 1,25 ШЖШ_{м.б.}, №2 нүктеде – 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады; №1 нүктеде фенолдың шоғыры 1,5 ШЖШ_{м.б.}, №2 нүктеде – 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, көмір сутегі сомасының шоғыры 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.3-кесте).

8.3-кесте

Шахтинск қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,07	0,14	0,06	0,12
Күкірт диоксиді	0,02	0,03	0,01	0,022
Көміртегі оксиді	1,49	0,3	1,64	0,328
Азот диоксиді	0,03	0,135	0,02	0,115
Азот оксиді	0,02	0,055	0,03	0,065
Күкіртті сутегі	0,01	1,25	0,01	1,6
Фенол	0,02	1,5	0,01	1,2
Көмір сутегі сомасы	58	0,96	61,0	1,0
Аммиак	0,11	0,53	0,09	0,5
Формальдегид	0,0	0,0	0,0	0,0

8.4 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.4-кесте).

8.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сәбитов ш-а (№ 6 ОМ маңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді	кадмий, мыс, күшән, қорғасын, мырыш
3			Ленин мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы		
4			Киров көшесі (аурухана қалашығы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан	



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=23(өте жоғары деңгей) анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№2-бекет аумағында) күкіртті сутегімен басым ластанған.

* 2017 жылғы 11 қыркүйекте №2 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша күкірт сутегі бойынша 22,69 ШЖШ атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 1 жағдайы анықталды (2-кесте).

* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 1,2 ШЖШ_{0.т.}, озон – 1,3 ШЖШ_{0.т.}, қорғасын – 2,0 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ауыр металдардың және ластаушы заттар концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) – 3,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 5,9 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 22,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

8.5 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқаш қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – 17 орамы, "Фудмарт" дүкені ауданы; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), аммиактың, бензолдың, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, озонның, хлор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.5-кесте).

8.5-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Аммиак	0,009	0,045	0,006	0,030	0,008	0,040
Бензол	0,03	0,10	0,03	0,10	0,03	0,10
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,06	0,12	0,05	0,020	0,04	0,08
Азот диоксиді	0,005	0,025	0,007	0,035	0,004	0,020
Азот оксиді	0,007	0,018	0,007	0,018	0,006	0,015
Көміртегі оксиді	1,67	0,33	1,60	0,32	1,66	0,33
Көміртегідиоксиді	1390		1240		1130	
Күкіртті сутегі	0,0005	0,0625	0,0007	0,0875	0,0005	
Көмір сутегі сомасы	13,7		14,3		17,4	0,0625
Озон	0,006	0,038	0,007	0,044	0,006	0,038
Хлор сутегі	0,020	0,10	0,020	0,10	0,020	0,10

8.6 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.6-кесте).

8.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, тоқыма фабрикасының ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,

				көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак
--	--	--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, ЕЖҚ=35%, СИ=7 анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№ 3-бекеттің аумағында) фенолмен және (№ 1-бекеттің аумағында) күкіртті сутегімен басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,7 ШЖШ_{0.т.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{0.т.}, фенол – 2,8 ШЖШ_{0.т.} құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,3 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,8 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 5,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


8.7 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, аммиак



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Максималды-бірлік шоғырлары PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

8.8 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.8- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Дмитров көшесі,212 және Степан Рамзин көшесі	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, фенол, аммиак
4			6-шағынаудан Амангелді/ Теміртау көшелері	
5			3 «а» шағынауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, формальдегид,көмір сутегісінің сомасы,метан



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=9 (жоғары), ЕЖҚ=17%

(көтеріңкі) анықталды(1,2-сур.). Қала ауасы (№ 5-бекет аумағында) күкіртті сутегімен басым ластанған.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) – 2,2ШЖШ_{о.т.}, фенол –2,1 ШЖШ_{о.т.}, аммиак – 1,6 ШЖШ_{о.т.} құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқымабөлшектер (шаң) бойынша – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,7 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді – 8,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 5,6 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 6,9 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

8.9 Қарағанды облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияларда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Қарағанды ауыл-шаруашылық сынақ станциясы (АШСС) алынған жаңбыр суына сынама алумен (8.6 сур.) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары кадмийді қоспағанда, шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.


Кадмий концентрациясы Жезқазған МС – 1,7 ШЖШ, Қарағанды АШССМС –2,4 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 34,96%, сульфаттар 27,1 %, кальций иондары 10,4 %, хлоридтер 9,3 %, магний иондары 7,3 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жезқазған МС – 129,98 мг/л, ең азы Балқаш МС – 21,6 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электрөткізгіштігі Қарағанды облысының аумағында 40,5 мкСм/см-ден (Балқаш МС) 189,9 мкСм/см (Жезқазған МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы орташа, сілтісі аз сипатта болып, 5,9 (Балқаш МС) – 6,5 (Жезқазған МС) аралығында болды.



8.6 сур. Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

8.10 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 15 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Көкпекті, Қара Кеңгір өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Кокай, Нұра-Есіл арнасы, Ертіс-Қарағанды арнасы, Балқаш көлі.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңгіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан, бұл өзен – Сарысу өзенінің оң жақ саласы болып табылады.

Нұра өзені: су температурасы 11,0– 25,2°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,16, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,69 мг/дм³, ОБТ₅–2,17 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 3,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,4 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,5 ШЖШ, марганец (2+) – 2,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00008 мг/дм³, ең үлкен концентрациясы – 0,00038 мг/дм³.

Самарқан су қоймасында: су температурасы 14,4 – 25,1°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,32, судағы еріген оттегі концентрациясы 9,24 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,07 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,0 ШЖШ,

мырыш (2+) – 1,5 ШЖШ, марганец (2+) – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00003 мг/дм³ жетті.

ағынды сулар арнасында су температурасы 16,6 – 25,0°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,76, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,88 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,34 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитратты азот – 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,7 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,8 ШЖШ, марганец (2+) – 2,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00019 мг/дм³, ең үлкен шамасы – 0,00048 мг/дм³ құраған.

Соқыр өзені: су температурасы 19,0 – 25,0°C шегінде, сутегі көрсеткіші 8,49, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,83 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,53 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,3 ШЖШ, сульфаттар – 2,7 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,3 ШЖШ, нитритті азот – 22,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,5 ШЖШ, марганец (2+) – 4,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00002 мг/дм³, ең үлкен шамасы – 0,00004 мг/дм³ құраған.

Шерубайнұра өзені: су температурасы 18,6 – 23,8°C шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,43, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,70 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,64 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,3 ШЖШ, сульфаттар – 3,4 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 5,2 ШЖШ, нитритті азот – 19,6 ШЖШ, жалпы темір – 4,6 ШЖШ, фторидтер – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,4 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,0 ШЖШ, марганец (2+) – 4,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ жетті.

Көкпекті өзені: су температурасы 20,4 – 23,1 °C, сутегі көрсеткіші – 7,91, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,78 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,43 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 2,0 ШЖШ, сульфаттар – 2,0 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 3,3 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,3 ШЖШ, марганец (2+) – 4,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Кеңгір су қоймасы: су температурасы 20,4 – 24,4°C, сутегі көрсеткіші 7,67, судағы еріген оттегі концентрациясы – 6,68 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,70 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (аммоний – 1,2 ШЖШ, жалпы темір – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 3,7 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Қара Кеңгір өзенінде су температурасы 19,6 – 25,2 °C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,67, судағы еріген оттегі концентрациясы 5,83 мг/дм³, ОБТ₅ – 5,56 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 3,3 ШЖШ, магний – 2,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 21,5 ШЖШ, нитритті азот – 12,2 ШЖШ, жалпы темір – 3,3 ШЖШ, фторидтер – 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 5,4 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,0 ШЖШ, марганец (2+) – 4,1 ШЖШ) бойынша шекті жол

берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ жетті.

Ертіс-Қарағанды арнасы: су температурасы 20,4 – 20,6°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,17 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,65 мг/дм³. Биогенді заттар (жалпы темір – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,4 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,5 ШЖШ, марганец (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Шолақ көлінде: су температурасы 25,6 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,13, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,05 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,43 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 2,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,6 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,7 ШЖШ, марганец (2+) – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Есей көлінде: су температурасы 22,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,36, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,00 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,44 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 2,3 ШЖШ, сульфаттар – 4,0 ШЖШ, магний – 2,3 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,8 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,1 ШЖШ, марганец (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Сұлтанкелді көлінде: су температурасы 24,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,10, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,48 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,08 мг/дм³. Негізі иондар (хлоридтер – 1,6 ШЖШ, сульфаттар – 3,0 ШЖШ, магний – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,3 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,6 ШЖШ, марганец (2+) – 3,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Қоқай көлінде: су температурасы 24,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,27, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,00 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,61 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 2,8 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 1,5 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,3 ШЖШ, марганец (2+) – 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Нұра-Есіл арнасы: су температурасы 21,6 – 21,8 °С шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,08, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,13 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,92 мг/дм³. Негізі иондар (сульфаттар – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 2,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,7 ШЖШ, марганец (2+) – 4,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм³ аз болды.

Балқаш көлінде: су температурасы 20-26°С шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,53, суда еріген оттегі концентрациясы – 7,75 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,32 мг/дм³. Негізгі иондар (сульфаттар – 7,1 ШЖШ, хлоридтер – 1,1 ШЖШ, магний

– 3,0 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер – 1,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) – 8,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,5 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар – 2,6 ШЖШ, мұнай өнімдері – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қарағанды облысы жер үсті суларының су сапасы 2017 ж. 3 тоқсанда келесі түрде бағаланады: «ластанудың орташа деңгейіндегі» су – Нұра, Көкпекті өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Кокай көлдері және Ертіс-Қарағанды, Нұра-Есіл арналары; «ластанудың жоғары деңгейіндегі» су – Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендері, Балқаш көлі.


2016 жылғы 3 тоқсанмен салыстырғанда Нұра, Көкпекті өзендерінде, ағынды сулар арнасында, Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Кокай көлдерінде және Ертіс-Қарағанды, Нұра-Есіл арналарында су сапасы – жақсарған; Балқаш көлі, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра өзендерінде – айтарлықтай өзгерген жоқ.

ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Нұра, Көкпекті, Соқыр, Шерубайнұра өзендері, ағынды сулар арнасы, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, Қорғалжын қорығының көлдері (Шолақ, Есей, Сұлтанкелді, Кокай), Балқаш көлі және Ертіс-Қарағанды, Нұра-Есіл арналарында су сапасы «нормативті таза»; Қара Кеңгір өзені - «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланды.

2016 жылғы 3 тоқсанмен салыстырғанда, ОБТ₅ шамасы бойынша су сапасы Кеңгір су қоймасында – жақсарған, қалған су нысандарында – айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты.


Облыс аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Соқыр өзені – 4 ЖЛ жағдайы, Шерубайнұра өзені – 3 ЖЛ жағдайы, Қара Кеңгір өзені– 8 ЖЛ және 1 ЭЖЛ жағдайлары (5-кесте).



8.7сур. Қарағанды облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



8.8 сур. Қорғалжын көлдері жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



8.9 сур. Балқаш көлі жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

8.11 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы

Нұра өзені. Фитопланктон есептегі айда жақсы дамыды. Су сынамасында балдырлардың барлық топтары кездесті. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 53% құрады. Су сынамасындағы түрлердің орташа саны 18 көрсетті. Альгофлораның жалпы саны 0,48 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,401 мг/дм³ тең болды. Жоғары сапроб индексі Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." , "Ақмешіт" ауылы және "Киевка" ауылы тұстамаларында көрсетті. Орташа сапроб индексі 1,79, яғни үшінші класқа сәйкес "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Есептегі айда зоопланктон қалыпты дамыды. Су сынамасындағы түрлер саны 4. Ескекаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 49% құрады. Зоопланктонның жалпы биомассасының 47% талшықмұртты шаяндар, 4% домалақ құрттар құрады. Жалпы орташа саны 4,92 мың дана/м³, ал биомассасы 71,2 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,55 – 1,92 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,76. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон әртүрлілігімен ерекшеленді. Шілде мен қыркүйек айларының аралығында диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар басым болды. Диатомды балдырлардың *Amphora*, *Cymbella*, *Ephithemia*, *Synedra* сияқты туыстарының түрлері жиі кездесті. Жасыл балдырлардан: *Cosmarium*, *Pediastrum*, *Rhizoclonium*, ал көк-жасыл балдырлардан: *Gloeocapsa*, *Gomphosphaeria*, *Oscillatoria* көптеп кездесті. Перифитон флорасының негізін "орташа ластанған" су сапасын көрсететін β-мезосапробты организмдер қамтыды. Ерекше лас аймақтарға Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." және "Молодецкое" ауылы (1,98;1,99) тұстамалары жатады. 2017жылдың 2-тоқсан мен 3-тоқсанның салыстырмалы кестесінде сапроб индекстерінде елеулі өзгерістердің байқалмағанын көруге болады.

Перифитонды зерттеу нәтижесіне байланысты, су класы - 3 , "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зообентос 3-тоқсанда әртүрлілігімен ерекшеленіп, төмендегідей топтардан құралды: ұлулар (*Bivalvia* мен *Gastropoda*), жәндіктер (*Insecta*), сүліктер (*Hirudinea*), шаянтәрізділер (*Crustacea*). Зообентос негізін β-мезосапробты организмдер, сонымен қатар полисапробты және олигосапробты организмдер де сирек кездесті. Биотикалық индекс 5-ке тең болды. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Биотестілеу кезінде Нұра өзенінің тұстамаларында тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы) нәтижесі төмендегідей: "Шешенқара ауылы", "Балықты т/ж бекеті", Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен..." , Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі, Ақмешіт ауылы - 0%; Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км жоғары..."-2%, Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды

сулар шығарылымынан 1 км төмен..." - 3%. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Шерубайнұра өзені. Сан мен биомасса жағынан альгофлора негізін жасыл балдырлар құрап, жалпы биомассаның 68% құрады. Диатомды балдырлар 28%, көк-жасыл балдырлар аз мөлшерде кездесті. Басқа балдыр түрлері болмады. Жалпы саны 0,63 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,399 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 17, сапроб индексі - 1,88. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыды. Негізгі рөлді талшық мұрттылар құрап, жалпы планктон санының 54% құрады. Ескекаяқтылар 40% құрады. Жалпы саны 3,00 мың дана/м³, ал биомассасы 30,03 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,78. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон негізінен диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлар ішінен *Cyclotella*, *Gyrosigma*, *Stephanodiscus*; жасыл балдырлардан *Closterium*, *Coelastrum*, *Pediastrum* мен *Scenedesmus*; ал көк-жасыл балдырлардан *Anabaena* мен *Tolypothrix* туыстары басымдылық көрсетті. Сапроб индексі 2,19 – ға тең болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы) 0 тең болды. Уытты әсері анықталған жоқ.

Қара Кеңгір өзені. Фитопланктонда барлық балдыр топтары кездесті. Жасыл балдырлар басымдылық көрсетіп, 58% құрады. Диатомды балдырлар 30%, көк-жасыл және басқа балдыр түрлері 12% кездесіп, жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны мен биомассасы 0,31 мың кл/см³, 0,157 мг/дм³. Су сынамасындағы түр саны – 9. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,83, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасында түр құрамы қалыпты дамыды. Зоопланктонның топ түрлері бірдей пайыздық мөлшерде кездесті: талшық мұрттылар – 33,7%, ескекаяқтылар -33,7%, домалақ құрттар – 32,7% жалпы планктон санын құрады. Орташа түрлер саны – 3. Орташа жалпы саны 3,03 мың дана/м³, биомассасы 40,78 мг/м³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,95, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 99% көрсетті. Тест-көрсеткіш 1%-ға тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы.

Фитопланктон жақсы дамыды. 3-тоқсан бойынша негізгі биомасса диатомды және жасыл балдырлар дамуынан құрылды. Көк-жасыл балдырлар аз кездесті. Басқа балдырлар болмады. Жалпы саны 0,32 мың кл/см³, биомассасы 0,313 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 18. Сапроб индексі 1,74, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы орташа дамыды. Диатомды балдырлар басымдылық көрсетіп, жалпы планктон санының 84% құрады. Талшық мұрттылар 10%, домалақ құрттар 6% планктон санын құрады. Жалпы орташа

саны 9,58 мың дана/м³, ал биомассасы 93,29 мг/м³. Сапроб индексі 1,62 құрап, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

2017 жылдың 3-тоқсанында перифитон бірлестігінің түрлік құрамы әртүрлі, негізінен диатомды балдырлардың *Amphora*, *Epithemia*, *Rhoicosphenia*, *Synedra* сияқты туыстарынан құралды. Жасыл балдырлардан *Cosmarium*, *Scenedesmus*, *Pediastrum* кездесті. Осы тоқсанда түр құрамы алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда ұлғайғанын көрсетеді. Сапроб индексі 1,89, су класы - үшінші. Су сапасы "орташа ластанған".

Зообентос бірлестігі ұлулар (*Bivalvia* және *Gastropoda*), шаянтәрізділер (*Crustacea*) және жәндіктер (*Insecta*) класынан құралды. Ұлулар ішінен *Lymnaea ovata* және *Sphaerium corneum*, шаянтәрізділерден *Gammarus pulex*, жәндіктерден *Stenophylax* sp. Вудивиссу әдісі бойынша биотикалық индекс "орташа ластанған" су сапасын көрсетті. Су класы – 3.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ға тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кеңгір су қоймасы. Фитопланктон жақсы дамыды. Түрлер саны 12. Балдырлардың барлық топтары кездесті. Жасыл балдырлар басымдылық көрсетті. β-мезосапробты организмдер басым болды. Жалпы саны орташа 0,2 мың кл/см³, ал биомасса 0,157 мг/дм³ болды. Сапроб индексі 1,71. Су класы – 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон есептегі кезеңде қалыпты дамыды. Ескеаяқты шаяндар 62% құрап, басымдылық көрсетті. Талшық мұртты шаяндар 32%, домалақ құрттар 6% көрсетіп, жалпы планктон санын көрсетті. Орташа саны 5,25 мың дана/м³, биомассасы 62,3 мг/м³. Сапроб индексі 1,71, су класы – үшінші, яғни "орташа ластанған".

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ға тең. Зерттелген су нысаны уытты әсер етпейді.

Қорғалжын көлдері. Шолақ көлі. Фитопланктонда жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 39% құрады. Диатомды балдырлар тек 31%, көк-жасыл балдырлар 30% ғана биомассаны құруға қатысты. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,31 мың дана/м³, ал биомассасы 0,273 мг/м³. Су сынамасындағы түрлер саны – 20. Сапроб индексі 1,81, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі тамыз айында орташа дамыған. Талшықмұртты шаяндар басым болып, 79% зоопланктонның жалпы санын құрады. Ескекаяқты шаяндар 21% құрап, су сынамасында домалақ құрттар кездеспеді. Жалпы саны 1,75 мың дана/м³, биомассасы 48,0 мг/м³. Олигобета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,57.

Перифитонда диатомды балдырлардың *Cumatopleura solea*, *Cymbella lanceolata*, *Diatoma vulgare*, *Rhopalodia gibba* түрлері жиі кездесті. Жасыл балдырлардан *Closterium*, *Cosmarium*, *Pediastrum*, *Scenedesmus*; көк-жасыл балдырлардан: *Gloeocapsa*, *Gomphosphaeria* және *Microcystis* басымдылық көрсетті. Кездесу жиілігі 3 - 9 аралығында болды. Сапроб индексі 1,77. Су класы – үшінші.

Зообентос фаунасы Bivalvia (қосжақтаулы ұлулар), Crustacea (шаянтәрізділер), Insecta (жәндіктер) класстарынан құралды. Жәндік дернәсілдерінен Diptera (Endochironomus tendens) мен отряд Trichoptera (Hydropsyche sp.) отрядтары кездесті. Биотикалық индекс 5-ке тең. Зерттелген аймақ "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Есей көлі. Фитопланктон жақсы дамыды. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 46% құрады. Жалпы саны 0,27 мың дана/м³, ал биомассасы 0,311 мг/м³. Орташа сапроб индексі 1,80, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Түр құрамын ескекаяқты шаяндар - 70% және талшықмұртты шаяндар - 30% жалпы планктон санын құрады. Жалпы саны 1,25 мың дана/м³, биомассасы 14,13 мг/м³. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,60.

Перифитон негізін диатомды балдырлар *Symbella lanceolata*, *Epithemia sorex*, *Rhoicosphenia curvata*, *Synedra acus* құрады. Жасыл және көк-жасыл балдырлар бір түрден ғана кездесті. Сапроб индексі 1,72, яғни, 3 класс "орташа ластанған" су сапасы.

Есей өзенінің бентос құрамы бауыраяқты ұлулармен ұсынылды (Gastropoda): *Lymnaea auricularia* және *Lymnaea stagnalis*. Биотикалық индекс – 5. Су айдыны "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Сұлтанкелді көлі. Фитопланктон жақсы дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Орташа жалпы саны 0,24 мың дана/м³, ал биомассасы 0,207 мг/м³. Түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,71. Фитопланктон жағдайына байланысты, су сапасы "орташа ластанған" .

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Су сынамасында ескекаяқты шаяндар кездесті. Сынамадағы орташа түр саны – 3. Зоопланктон саны 0,39 мың дана/м³, биомассасы 3,9 мг/м³. Сапроб индексі 1,57 - 1,70 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,64 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы "орташа ластанған", 3 класты көрсетті.

Перифитон әртүрлілігімен ерекшеленді. Диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар басым болды. Диатомды балдырлардан *Symbella*, *Diatoma*, *Fragilaria*, *Rhopalodia* мен *Synedra*; жасыл балдырлардан-*Cosmarium*, *Euastrum* және *Scenedesmus*; көк-жасыл балдырлардан-*Coeloephaerium*, *Gloeocapsa*, *Gomphosphaeria* мен *Merismopedia*. Кездесу жиілігі 3 - 9. Сапроб индексі 1,69, яғни, 3 класс "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зообентостың түпкі фаунасы тек бауыраяқты ұлулардан (Gastropoda) – *Lymnaea stagnalis* түрлерінен құралды. Биотикалық индекс – 5. Су класы үшінші. "Орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Қоқай көлі. Фитопланктон жақсы дамыған. Балдырлардың барлық топтары кездесті. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 60% құрады. Жалпы орташа саны 0,26 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,337 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны- 17. Сапроб индексі 1,70. Су класы – үшінші, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамаcында сан жағынан ескекаяқты шаяндар (67%) талшық мұртты шаяндарға (33%) қарағанда басымдылық танытты. Бұл кезеңде орташа саны 1,5 мың дана/м³, биомассасы 16,88 мг/м³. Сапроб индексі 1,54 – 1,70 аралығында болып, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитон негізін кездесу жиілігі 2-7-9 болатын диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар кездесті. Диатомды балдырлардан: *Cymbella*, *Rhoicosphenia*, *Rhopalodia*; жасыл балдырлардан-*Cosmarium*, *Scenedesmus*, *Tetraedron*; көк-жасыл балдырлардан: *Anabaena* мен *Gloeocapsa*; эвгленалылардан - *Euglena spirogyra*. Сапроб индексі 1,57. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Бентос негізін бауыраяқты ұлулар құрады (*Gastropoda*): *Lymnaea ovata* және *Lymnaea stagnalis*. Биотикалық индекс бета-мезосапробты аймақты камтыды. Зообентосты зерттеу барысында "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Балқаш көлі. Фитопланктонда диатомды балдырлар басым болып, жалпы планктон санының 64% құрады. Көк-жасыл балдырлар 34% және жасыл балдырлар 2% құрап, фитопланктон биомассасын құруға қатысты. Осы есептік кезеңінде көл бойынша жалпы сан 0,09 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,063 мг/дм³ тең болды. Сапроб индексі 1,70 құрады. Су сапасы "орташа ластанған".

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық көрсетті (87,4%). Орташа саны 4,28 мың дана/м³, биомассасы 77,12 мг/м³. Сапроб индексі 1,55-1,73 аралығында болды. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижесі бойынша, өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы келесі тұстамаларда көрсетілген: Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км - 2%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км - 1%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 38,5 км – 1%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км – 2%, бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км – 2%, бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км - 1%, Сарышаған шығанағы, А128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км - 1%. Қалған тұстамаларда тірі қалған дафниялар 100% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді (8, 8.1-қосымша).

8.12 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№5 ЛББ), Теміртау қаласының (№2 ЛББ) Автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (8.10-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,09 – 0,23 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

8.13 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.10-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 1,5 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.10 – сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3			Дошанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
4			Маяков көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, көмірсутегісінің сомасы, метан



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.). Қала ауасы (№ 2-бекет аумағында) РМ-10 қалқыма бөлшектерімен басым ластанған.

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,0 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			мешіттің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1және ЕЖҚ=0% (төмен) анықталды(1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша барлық ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді,

				күкіртті сутегі, аммиак
--	--	--	--	----------------------------



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=3 және ЕЖҚ=15% анықталды (1,2-сур.). Кент ауасы күкіртті сутегімен басым ластанған.

Жалпы кент бойынша орташа айлық шоғырлар ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 2,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

9.4 Арқалық қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.4-сур., 9.4-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
11	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	АТЭК аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
12			Арқалық М аймағында	



9.4-сурет. Арқалық қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.4-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлар барлық ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

9.5 Арқалық қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Арқалық қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, көмір сутектер сомасының, озонның шоғырлары өлшенді.

Көміртегі оксидінің шоғыры 3,7 ШЖШ_{м.б.} құрады; азот диоксидінің шоғыры 4,85 ШЖШ_{м.б.} құрады; күкірт диоксидінің шоғыры 1,7 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.5-кесте).

9.5 –кесте

Арқалық қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте	
	q _m мг/м ³	q _m /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері(шаң)	0,13	0,26
Күкірт диоксиді	0,84	1,7
Көміртегі оксиді	18,28	3,7
Азот диоксиді	0,97	4,85
Азот оксиді	0,03	0,069
Күкіртті сутегі	0,00	0,00
Көмірсутектер сомасы	112,54	-
Озон	0,02	0,15


